

Отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 қыркүйектегі N 955 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 1139 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 1139 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 заң күші бар жарлықтарына, "Отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 қарашадағы N 1204 қаулысына сәйкес және импорт алмастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Өнімді бөлу туралы жасалған Келісімдерде мемлекеттің мүдделерін білдіру бойынша өкілетті органның функцияларын орындайтын "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) көрсетілген келісімдерде отандық тауар өндірушілердің тауарларын , жұмыстары мен қызметтер көрсетуін тартуды міндетті шарт ретінде сақтау мәнінде алдын ала келісу үшін мыналарды:

1) өнімді бөлу туралы келісімдер бойынша басқару органдарына бекітуге ұсынылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға мердігерлермен (операторлармен) жасасқан шарттарының жобаларын;

2) Мердігерлердің мұнай операцияларын жүргізу кезінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі жөніндегі жылдық жоспарлары мен бюджеттерінің жобаларын ұсынуды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Министрлікпен бірлесіп, көрсетілген келісім-шарттарда отандық тауар өндірушілердің тауарларын, жұмыстары мен қызметтер көрсетуін тартуды міндетті шарт ретінде сақтау мәнінде алдын ала келісу тәртібін әзірлесін және бекітсін.

3. Министрлік бір ай мерзімде "Қазақстандық келісім-шарт агенттігі" жабық акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) осы қаулының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген алдын ала келісілген құжаттарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуін сатып алу процесінің мониторингін жүзеге асыру кездегі өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен шарттарын белгілесін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі